



Инвестициялық жобаларды инвестициялық стратегиялық жобалар тізбесіне енгізу қағидаларын бекіту туралы

Күші жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 22 тамыздағы № 1066 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 30 қазандағы № 1154 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2014.10.30 № 1154 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік оң күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

«Инвестициялар туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 қаңтардағы Заңының 18-1-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Инвестициялық жобаларды инвестициялық стратегиялық жобалар тізбесіне енгізу қағидалары бекітілсін.
2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

<i>Премьер-Министрі</i>	<i>Қазақстан Республикасының</i>
	<i>К. Мәсімов</i>
Қазақстан	Республикасы
Үкіметінің	
2012 жылғы	22 тамыздағы
№ 1066	қаулысымен
бекітілген	

Инвестициялық жобаларды инвестициялық стратегиялық жобалар тізбесіне енгізу қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Инвестициялық жобаларды инвестициялық стратегиялық жобалар тізбесіне енгізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Инвестициялар туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 қаңтардағы Заңының 18-1-бабының 3-тармағына сәйкес әзірленген және инвестициялық жобаларды инвестициялық стратегиялық жобалар тізбесіне енгізудің тәртібін айқындайды.

2. Инвестициялық жобаларды инвестициялық стратегиялық жобалар тізбесіне енгізу мәселелері жөніндегі уәкілетті орган «Инвестициялар туралы» Қазақстан Республикасының Заңын іске асырудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 8 мамырдағы № 436 қаулысымен бекітілген тәртіппен тиісті мемлекеттік органдардың мамандарын, Қазақстан Республикасы жеке және заңды тұлғаларының арасынан консультанттар мен сарапшыларды тартуға құқылы.

3. Қосылған құны жоғары (неғұрлым жоғары өңделген және қайта өңделген) өнім өндіруге бағытталған, «Инвестициялар туралы» Қазақстан Республикасының Заңын іске асырудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 8 мамырдағы № 436 қаулысымен бекітілген инвестициялық преференциялар берілетін экономикалық қызмет түрлерінің жалпы сыныптауышы сыныптарының деңгейінде қызметтің басым түрлеріне сәйкес келетін, сондай-ақ мынадай өлшемдердің біріне сай келетін инвестициялық жоба инвестициялық стратегиялық жобалар тізбесіне енгізіледі:

1) инвестициялық жоба Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін жоғары технологиялық өнімдер өндірісі бойынша қызмет түрлерінің тізбесіне енгізілген өнімдердің өндірісіне бағытталуы тиіс;

2) инвестициялық жоба бойынша инвестициялардың көлемі республикалық бюджет туралы заңмен тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің кемінде бес миллион еселенген мөлшерін құрауы тиіс.

4. Өтінім беруші ұсынылған құжаттардың толықтығы мен дұрыстығын қамтамасыз етеді.

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 21.10.2013 № 1123 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Инвестициялық жобаларды инвестициялық стратегиялық жобалар тізбесіне енгізу тәртібі

5. Инвестициялық жобаларды инвестициялық стратегиялық жобалар тізбесіне енгізу мақсатында заңды тұлға (бұдан әрі – өтінім беруші) инвестициялық жобаларды инвестициялық стратегиялық жобалар тізбесіне енгізуге арналған өтінімді (бұдан әрі – өтінім) осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес нысан бойынша жібереді.

6. Өтінім инвестициялар жөніндегі уәкілетті органға жылдың бірінші және үшінші тоқсаны ішінде, бірақ тиісті тоқсанның соңғы айының 30-күнінен кешіктірілмей ұсынылады.

7. Инвестициялық жобаларды инвестициялық стратегиялық жобалар тізбесіне

енгізуге арналған өтінімге мынадай құжаттар қоса беріледі:

1) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің* немесе анықтаманың көшірмесі.

Ескертпе: * «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 24 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы қолданысқа енгізілгенге дейін берілген заңды тұлғаны (филиалды, өкілдікті) мемлекеттік (есептік) тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік заңды тұлғаның қызметі тоқтатылғанға дейін жарамды болып табылады;

2) заңды тұлға жарғысының басшының қолымен және заңды тұлғаның мөрімен куәландырылған көшірмесі;

3) инвестициялық стратегиялық жобаның уәкілетті орган белгілейтін талаптарға сәйкес жасалған бизнес-жоспары;

4) инвестициялық стратегиялық жобаны іске асыру кезінде пайдаланылатын құрылыс-монтаж жұмыстарының сметалық құнын және тіркелген активтерді, шикізатты және (немесе) материалдарды сатып алуға арналған шығындарды негіздейтін, тізбесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленетін құжаттардың басшының қолымен және заңды тұлғаның мөрімен куәландырылған көшірмелері;

5) инвестициялық стратегиялық жобаны қаржыландырудың көздері мен кепілдіктерін белгілейтін құжаттардың басшының қолымен және заңды тұлғаның мөрімен куәландырылған көшірмелері. Инвестициялық стратегиялық жобаны өз қаражаты есебінен қаржыландырған жағдайда олардың бар екендігі туралы жазбаша растама қоса беріледі;

6) салық берешегінің, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша берешегінің жоқ (бар) екені туралы тіркеу орны бойынша салық органының анықтамалары.

Ескерту. 7-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 2012.11.29 № 1501 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі), 10.07.2013 № 706 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 20.12.2013 N 1363 (01.01.2014 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

8. Ұсынылған құжаттар осы Қағидалардың 7-тармағының талаптарына сәйкес келмеген және/немесе инвестициялық жоба осы Қағидалардың 3-тармағында белгіленген талаптарға сәйкес келмеген жағдайда, инвестициялар жөніндегі уәкілетті орган өтінім беруші осы Қағидалардың 7-тармағында көзделген құжаттарды ұсынғаннан кейінгі бір ай ішінде ол туралы өтінім берушіге жазбаша нысанда хабарлауы тиіс.

9. Уәкілетті орган жылдың екінші және төртінші тоқсанында инвестициялық жобаларды инвестициялық стратегиялық жобалар тізбесіне енгізу мәніне осы Қағидалардың 7-тармағына сәйкес келетін, келіп түскен өтінімдерді қарастырады .

10. Өтінімдерді қарау қорытындылары бойынша уәкілетті орган отыз жұмыс күні ішінде инвестициялық жобаларды инвестициялық стратегиялық жобалар тізбесіне енгізу туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының жобасын әзірлейді және Қазақстан Республикасының Үкіметіне заңнамада белгіленген тәртіппен енгізеді.

Инвестициялық жобаларды
инвестициялық стратегиялық
жобалар тізбесіне енгізу қағидаларына
қосымша
201__ жылғы «__» _____
№ _____

**Инвестициялық жобаларды инвестициялық стратегиялық
жобалар тізбесіне енгізуге арналған
ӨТІНІМ**

_____ (ұ й ы м а т а у ы)
инвестициялық стратегиялық жобалар тізбесіне _____

_____ (инвестициялық жоба атауы)
инвестициялық жобасын енгізу үшін қажетті құжаттар пакеті бар осы өтінімді
ж і б е р і п _____ о т ы р .

Жоба мазмұны, мерзімдердің негіздемесі және жоба құны қоса берілген құжаттарда келтірілген. Ұсынылған ақпараттың дұрыстығына кепілдік береміз.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы «__» _____ № _____
_ қаулысымен бекітілген инвестициялық жобаларды инвестициялық стратегиялық жобалар тізбесіне енгізу қағидаларымен (бұдан әрі – Қағидалар)
т а н ы с т ы қ .

Қағидаларға сәйкес талап етілген құжаттар _____ парақта қоса берілген.

_____ (Т.А.Ә. және лауазымы) _____ (қолы)
(мөр)

Өтінім 20 __ жылғы «__» _____ № _____ тіркелді.

Тіркеушінің Т.А.Ә. және лауазымы: _____

Қолы: _____

Ескертпе: ұйым бланкісінде жасалады. Өтінімге бірінші басшы қол қояды.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ